

**М.Әбдіхалықов атындағы мектеп-гимназиясының
11-сынып оқушысы Амандық Гүлмира**

Мәңгілік елдің мәңгілік бағы

Алла алдында бірдейміз ғой бәріміз,
Болсын мейлі астымызда тағымыз.
Бір кемеде жүргеннен соң жұмылып,
Бір кемеде қиылады жанымыз.

Қарамай-ақ ұлтына да тегіне,
Туып өскен атамекен еліне.
Сансыз жебе ұшып келіп шаншылды,
Қазақ деген мәрт халықтың жеріне.

Жаңа өмірге жаңа қадам аттаған,
Осы Отаннан бақыт пенен бақ табам.
Деп айтылған көкейдегі армандар,
Талайларын даңғыл жолға бастаған.

Ұл мен қызы, дәм мен тұзы астасқан
Барлығын да құшаққа алып аппақ таң.
Кеуделерге нұр таратып бұл қазақ,
Бөліп жарып жастануды тоқтатқан!

Төрт тұлпар

Арман етіп, баба жолын келемін,
Төрт бабама шыныменен сенемін.
Төртеуі де армандаған азаттық,
Төртеуін де төрт тұлпарға тенеңім.

Көмек берген іс түскенде басыма,
Төртеуі де жүр ғой менің қасымда.
Екі жолдың түзу жолын сілтеген,
Төрт тұлпарды жіберді Алла қасыма.

Бағындыр биік таудың асқарын,
Халқына арнап жазып кеткен дастаның.
Қазақ үшін қалың қолды бастаған,
Махамбетім -төбемдегі аспаным.

Істей алмас секілді ондай ерлікті,
Партия боп алты жігіт бірікті.
Орыстардан тайсалмайтын Мағжанды,
Алла маған тұлға қылып беріпті.

Момышұлы Бауыржан деген бабамның,
Ерліктерін оқыдым да таңғалдым.
Жауларынан қорықпаған Баукенді,
Үлгі тұтар бабам ғой деп таңдадым

Ақиық деп жұрт айтады Мұқанды,
Ол бабам да тұлғам болып аталды.
Мұқағали Мақатаев өлеңі
Өлгенімше жүрегімде жатады.

Маңғыстау

Тарихыңды таңбалап таста дәйім,
Қолдан-кісен, арылды бастан уайым.
Мыңжылдықтар дәуірі кездеседі,
Топырағыңды Маңғыстау басқан сайын.

Байыбына бардық біз кеше ненің,
Көз жастары көл болып шешелердің.
Шейіт болған әкелер түзде жортып,
Жазымышын көрді ғой пешененің.

Бөлтіріктер азуын біледі айға,
Қыдыр дарып, бақ қонып бұл адайға.
Үстірт үсті, Көк теңіз, Қарақия
Айналып аспан асты мұражайға .

**Кереметің бар деме басқа қандай,
Сұлулықты мол берген басқа Құдай.
Жұмбағы көп Маңғыстау шешілмеген
Сырға толы торыштың тастарындай.**

**Тұратындай көз қармап бұл бір аймақ
Қызғалдағы гүлдейді қырда жайнап.
Көшкен елдің сақтайды сағынышын
Қауышуды күтеді «кездер-айлап».**

**Тау мен тастың жаңғырар құлағында,
Бір ағыны ұласқан мың ағынға
Көпті көрген қария түбек жатыр,
Тоғыз жолдың түйіскен торабында.**